

**"Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру, жұмыссыздарды кәсіби даярлау, біліктілігін арттыру және қайта даярлау жөніндегі ережені бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2001 жылғы 19 шілдедегі N 38 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2005 жылғы 20 желтоқсандағы N 317 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2005 жылғы 29 желтоқсанда N 1610 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2010 жылғы 3 наурыздағы N 60 Қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2010.03.03 N 60 Қаулысымен*

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы N 213 Заңы 28-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысымен бекітілген Жұмыссыздарды кәсіби даярлауды, біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды ұйымдастыру мен қаржыландыру жөніндегі ереженің 15 тармағына сәйкес облыс әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру, жұмыссыздарды кәсіби даярлау, біліктілігін арттыру және қайта даярлау жөніндегі ережені бекіту туралы" облыс әкімдігінің 2001 жылғы 19 шілдедегі N 38 қаулысына (2001 жылғы 30 шілдедегі тіркеу N 398, 2001 жылғы 21 тамыздағы "Солтүстік Қазақстан" газеті, 2001 жылғы 7 тамыздағы "Северный Казахстан" газеті, облыс әкімдігінің 2002 жылғы 19 желтоқсандағы N 195, 2003 жылғы 31 наурыздағы N 71, 2005 жылғы 29 наурыздағы N 74 қаулыларымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Облыс әкімдігінің көрсетілген қаулысымен бекітілген жұмыссыздарды кәсіби даярлауды, біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды ұйымдастыру мен қаржыландыру жөніндегі ережеде:

1 5 т а р м а қ т а :

төртінші тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"тұруға арналған шығындар ай сайын, үш айлық есептік көрсеткіш м ө л ш е р і н д е " ;

Осы қаулы оны Солтүстік Қазақстан облысының әділет департаментінде тіркеген күннен бастап күшіне енеді.

*Облыс әкімі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК